

"Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 43 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 17 қазандығы № 530 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының З-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 43 бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 34-1) тармақшамен толықтырылсын:

"34-1) әкімшілік рәсімдер шеңберінде арыз иелері жолданымдарда көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;".

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті белгіленген мерзімдерде осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

C. Нұрбек